

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АЛҒА АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ**



**АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ
АЛГИНСКОГО РАЙОНА
ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

2022 жыл « 11 » 04
Алға қаласы

№ 86

« _____ » 2022 год
город Алга

Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатына аукцион өткізу тізбесін, нақты сауда-саттық объектілерін, сауда-саттық өткізу нысанын, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісін айқындау және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасын, кепілдік жарналардың мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-ІІ «Жер кодексінің» 17, 48 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың 14 қаңтардағы №01 Алға аудандық жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша «Жер кадастры және ЖМТТ» департаменті әзірлеген жерге орналастыру жобасына сәйкес, Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатында аукцион өткізу тізбесі, нақты сауда-саттық объектілері, сауда-саттық өткізу нысаны, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісі айқындалсын және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері бекітілсін.

2. «Ақтөбе облысы Алға аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі (К.Н.Мусин) тиісті қаулы бойынша қажетті жұмыстарды жүргізуге міндеттелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А.Бошановқа жүктелсін.

Аудан әкімі



Н.Ержанов

Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатына аукцион өткізу тізбесі, нақты сауда-саттық объектілері, сауда-саттық өткізу нысаны, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісі және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері

рет сан ы	Айқындалған тізбе атауы	лот1.	лот 2.	лот 3.
1	орналасқан жері	Алға қаласы, Тамды шоссесы, жер телімі №12	Алға қаласы, 6 шағын ауданы, жер телімі №3 «А»	Қарахобда а/о, Құмсай ауылы, Достық көшесі, жер телімі №50 «А»
2	нысаналы тағайындауы	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ақпаратты өңдеу орталығын орналастыру және қызмет көрсету	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету
3	жер көлемі	1,0167 га	2,5 га	0,2571 га
4	айқындалған сату әдісі	ағылшын әдісі	ағылшын әдісі	ағылшын әдісі
5	анықталған бастапқы баға	283 659,3 теңге	372 000 теңге	29 617,92 теңге
6	анықталған ең төмен баға	283 659,3 теңге	372 000 теңге	29 617,92 теңге
7	кепілдік жарна көлемі	153 150 теңге	153 150 теңге	153 150 теңге
8	кепілдік жарна көлемін енгізу мерзімі	Хабарлама жарияланған күнінен бастап сауда-саттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады	Хабарлама жарияланған күнінен бастап сауда-саттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады	Хабарлама жарияланған күнінен бастап сауда-саттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады
9	аукцион өткізу мерзімі	хабарландыру шыққан күннен 15 күн өткен соң келесі күні	хабарландыру шыққан күннен 15 күн өткен соң келесі күні	хабарландыру шыққан күннен 15 күн өткен соң келесі күні
10	жер пайдалану құқығының мерзімі	3 жыл	3 жыл	3 жыл

рет сан ы	лот 4.	лот 5.
1	Тамды а/о, Тамды ауылы, Ә. Молдағұлов көшесі, жер телімі №119	Маржанбұлақ а/о, Маржанбұлақ ауылы, Самара-Шымкент жолы, жер телімі №27
2	Үй-жайларды (құрылыстар мен ғимараттарды) орналастыру және қызмет көрсету	Ровинг әйнегін машинамен орау әдісімен ағынды суларды биологиялық тазарту станцияларын дайындау мақсатындағы өндірістік цех орналастыру және қызмет көрсету
3	3,1333 га	1,0 га
4	ағылшын әдісі	ағылшын әдісі
5	676 792,8 теңге	135 000 теңге
6	676 792,8 теңге	135 000 теңге
7	153 150 теңге	153 150 теңге
8	Хабарлама жарияланған күнінен бастап саудасаттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады	Хабарлама жарияланған күнінен бастап саудасаттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады
9	хабарландыру шыққан күннен 15 күн өткен соң келесі күні	хабарландыру шыққан күннен 15 күн өткен соң келесі күні
10	3 жыл	3 жыл